

Рухани жаңғыру: Латын графикасына көшу - уақыт талабы *Духовное обновление: Переход на латиницу-веление времени*

«Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады».

А. Байтұрсынов



Ғылым-білімнің есігін ашатын кілті іспеттес жазу-сызудың рухани өміріміздегі маңызы зор. Ал, бұл мәселені шешу үшін қазақ әліпбиін орыс әріптерінен тазарту қажеттігі туындайды. Себебі қазақ тілінде, ғалымдардың айтуынша, қазақ әліпбиінде 42 әріптің ішінде 14-і орыс әрпі. Қазақ әліпбиін орыс тіліне бейімдеу кеңестік кезеңде орын алды. Латын графикасына көшу арқылы өз тілімізді жетекші етіп алып шығамыз. Сонда біздің шұбарланған тіліміз тазарып, ұлттық сана-сезіміміз арта түспек.

Біздің мақсатымыз – жастарға заманауи білім беріп қана қоймай, жастарды патриоттық сезімде тәрбиелеу, өз ұлтының мәдениеті мен тарихын, туған жерінің тарихын, ұлы тұлғаларды білуіне және рухани құндылықтарымызды дәріптеу арқылы, олардың ұлт болашағына сеніммен қарап, Ұлы Даламыздың ұлағатын бойына сіңірген тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету үшін кітапханада әр түрлі шаралар ұйымдастырылып жатыр.

